

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 шілде N 1009. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.22. N 851 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Азаматтар мен заңды ұйымдарға жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілерді беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 402 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 15, 125-құжат):

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне", "Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің", "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер тиісінше "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға", "жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның", "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "әзірлеу және" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт нысанындағы және оған қосымшалардағы "Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетінің", "Аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актінің сипаттамасында:

3 - т а р м а қ т а ғ ы :

жетінші абзацтағы "жер учаскесінің жоспары" деген сөздерден кейін "жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетілетін" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзацтағы "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі тиісті орган" деген сөздер "жер ресурстарын басқару жөніндегі орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілерді жазу кітабының нысанындағы "жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі аумақтық органның" деген сөздер "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) "Уақытша жер пайдалану туралы үлгілік шарттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 желтоқсандағы N 1495 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 50, 487-құжат) :

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығына " деген сөздер "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер учаскесін жалға беру туралы және уақытша жер пайдалану туралы үлгілік шарттарға 1 және 2-қосымшаларда " аудандық (қалалық) жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттің" деген сөздер "жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 ақпандағы N 235 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 9, 61 - құжат) :

кіріспедегі "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығына " (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат) деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережеде:

3-тармақтағы "жер ресурстарын басқару табиғат қорғау жөніндегі атқарушы органдар" деген сөздер "жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі,

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын, "Төрағаның орынбасарлары" деген сөздер "оның орынбасарлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың басшылары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары, ал олардың орынбасарлары - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың орынбасарлары болып табылады";

7-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың басшыларын - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларын қызметке Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы - Қазақстан Республикасының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы тағайындайды";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, сондай-ақ оның мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жүктелген аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары мен мамандары жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады";

9-тармақтағы бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі

агенттігінің, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің органдары:";

10-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның органдары" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың бірінші абзацындағы "Экология және биоресурстар министрлігі" деген сөздер "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

15-тармақтағы бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген жергілікті атқарушы органдардың, жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары өз құзыретінің шегінде:";

22-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі